

Бекітемін
«Жүншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МККК меңгерушісі
Ж.А.Курманова



Педагогикалық кеңестер
Педагогические советы

Міндеті: Педагог қызметкерлердің ғылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеріп отыру.

Задача: Непрерывное повышение научно-методического уровня педагогических работников.

р/с	№ 4 Педагогикалық кеңес	Мерзімі	Жауапты
II	<p>№ 4 Педагогикалық кеңес</p> <p>Тақырыбы: «Балалардың даралығы мен бастамасын қолдау технологиясын жетілдіру»</p> <p>Өткізу формасы: дөңгелек үстел</p> <p>Күн тәртібі:</p> <p>1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы</p> <p>2. Тәрбиешілердің тәжірибесінен: «Дидактикалық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық бастамасын дамыту бойынша дидактикалық ойындардың көрмесі және көрсетілімі»</p> <p>3.«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту»</p> <p>4. Ағымдағы мәселелер</p>	Наурыз	<p>Меңгеруші Курманова Ж.А.</p> <p>Тәрбиеші: Аябергенова А.Т</p> <p>Тәрбиеші: Сүлейменова З.Ж</p> <p>Меңгеруші</p>





**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бойынша
педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы**

28.03.2025 ж

Тақырыбы: «Балалардың даярлығы мен бастамасын қолдау технологиясын жетілдіру»

Міндеті: Педагог қызметкерлердің ғылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеріп отыру.

Жалпы педагог саны-35

Жиналысқа қатысушылар саны-32

Күн тәртібінде:

1. № 3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Тәрбиешілердің тәжірибесінен:
«Дидактикалық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық бастамасын дамыту бойынша дидактикалық ойындардың көрмесі және көрсетілімі»
3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту»
4. Ағымдағы мәселелер.

Тыңдалды.

Балабақша меңгерушісі: Ж.А Курманова сөз алды. Меңгеруші педагогикалық кеңестің құрамын анықтап, педагогикалық кеңес отырысының жүргізілу регламентін бекітіп, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерге тоқталып, таныстырып өтіп, педагогикалық кеңес отырысын ашық деп жариялады.

Меңгеруші сөзінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмысының жыл бойы жоспары бойынша жүргізілген бағыттар мен жоспарлы іс-шараларының жүргізілу барысын нақтылап, әрбір іс-шараларды нақты жоспарлау, әдістемелік нұсқау хатының ережелеріне сүйене отырып, ұйымдастыру тапсырылды. Кезекті келе жатырған мерекелік іс-шаралардың толыққанды балалардың дамыту бағыты бойынша әрбір іс-шаралар, тақырыптық сағаттар, ертеңгіліктер әдістемелік нұсқау хатына сәйкес жұмыс барысы орындалуы тиіс екенін нақтылады. Барлық ұйымдастырылып жатырған іс-шараларды әдіскер нақты жоспарын бақылап, түсіндірме жұмыстары бойынша жұмыстанылуы тиіс екені айтылды.

Педагогикалық кеңес отырысының **I мәселесі бойынша** № 3 педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша әдіскер: Ж.А.Жариева сөзінде балалардың коммуникативтік дағдылардың дамытуға арналған ойындары бойынша жаңашыл ойындары барлық балабақшаішілік топтарда жаңаша бағытта жасақталып, мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік- күзiреттiлiк жүйесiн жетiлдiруi бағытында түрлi сюжеттi-рөлдi ойындар, дидактикалық ойындарда сөздік, тілдік –күзiреттiлiк жүйесiн жетiлдiру мен ерекше бiлiм берудi қажет ететiн балаларды толыққанды дамыту арқылы психологиялық, әлеуметтiк, эмоционалдық дағдыларын дамыту жұмыстары балалардың жас ерекшелiктерiн ескере отырып, әдiстемелiк нұсқаулығын қодана отырып, жалпығы мiндеттi стандартына сүйене отырып, үлгiлiк бағдарламаның дағдыларын иегiрiлу жұмыстары жүргiзiлуде, барлық балабақшаішілік топтардың жаңа дидактикалық ойындар, дамытушы ойындары мен тілдік-күзiреттiлiктi дамытушы ойындары жасақталып, әрбiр балалардың жеке ерекшелiктерiне сәйкес жеке жұмыстары ұйымдастырылып, жыл бойына жалғасуда. Барлық топтың тәрбиеленушiлерiнiң толыққанды дамыту жұмыстары бойынша қорытынды бақылауында бiрiздi жүргiзiлуде.

Педагогикалық кеңес отырысының **II мәселесі бойынша** тәрбиеші: А.Т. Аябергенованың тәрбиешілердің тәжірибесінен:

«Дидактикалық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық бастамасын дамыту бойынша дидактикалық ойындардың көрмесі және көрсетілімі» тақырыбындағы баяндамасында мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылықтары мен ерекшеліктері және қажеттіліктерін

ескере отырып, танымдық дағдыларын дамыту негізінде, балаларды толыққанды дамытуда тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру мақсатында;

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен дамуын қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында дидактикалық ойындарды кеңінен қолдануды міндетке ала отырып, Ойын адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Ойын өмірде ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық меңгергенше жалғасады. Ал оқыту процесінде жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады.

Ойын әрекеттері мен формалары және әдістер мен мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойынға дейін ауысады. Мысалға ойын күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады. Ойын баланы қимылға, әрекетке дене шынықтыруға ұштастырады. Сол арқылы өмір күресіне еңбекке баулиды. Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ. Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Балалардың іс-әрекетіне ойын түрлерімен дамыту деңгейін байланыстыру

1. Біртіндеп қызықты жеңіл ойындардан ойын тапсырмалар арқылы берілген оқу тәрбие мәселелеріне көшу.
2. Шарты мен міндеттерін біртіндеп күрделендіру.
3. Берілген тапсырмаларды шешуде баланың ой белсенділігін арттыру.

Дидактикалық дамытушы ойын түрлері:

1. Заттық дидактикалық ойындар: “Танграм” ойыны бұл балалардың есте сақтау қабілеті, саусақ бұлшық еттерінің дамуы мен сенсорлық (логикалық, құрастырушы ойындары) қабілеттерін арттыратын ойынның бірі
2. Танымдық дамытушы ойындар: үстел үсті ойындары; дамино, құрастырмалы ойындар;
3. Ұлттық дамытушы және қимылды ойындар: “Шертпе”, “Оюларды құрастыр”, “Ханталапай”, “Қазандыққа сал”, “Хоккей”, “Өз үйіңді тап”

Мектеп жасына дейінгі коммуникативті дамытушы ойындары сюжетті-рөлді ойындар, дамытушы сөздік ойындар, дидактикалық ойын құралдары, электронды кітапхана, кітапхана жинағы және т.б

Қорыта келе, дидактикалық ойындар балаларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін ізденімпаздылығын арттырады. Сөздік қорын молайтуға көмектеседі, ойын әрекетінде дидактикалық ойындарды пайдалану мектепке дейінгі балалардың ойынға белсенділігін арттырады. Бағдарламалық тәрбиелеу мен оқыту қажет деңгейде меңгеруге ықпал етеді.

Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттері байқалады. Сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою ерік арқылы түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүйенеді. Ойын үстінде бала қуаныш пен реніш сезімдерін сезінеді. Ойын баланың дамуына бірден бір құралдың бірі.

Педагогикалық кеңес отырысының III мәселесі бойынша тәрбиеші: З.Ж. Сүлейменованың «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту» тақырыбындағы баяндамасының мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда педагогтарға әдістемелік қолдау.

Міндеті: мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін факторларды анықтау; мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу- оқыту процесі барысында мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру. Жаңа қоғамға лайықты тұлғаны қалыптастыруда баланың жасын, даму ерекшелігін, айрықша қабілетін ескере отырып, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие, сапасын жақсарту қажет. Баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа технологиялар қызықтырады. Бала тәрбиесінде жаңа технологияларды қолдану- баланы жан-жақты терең ашуға, оған бағыт бағдар беріп жағымды әсер етуге, зейінін көтеруге, белсенділігін арттыруға септігін тигізеді. Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана сезімін, таным қабылдау әрекетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Ойын: «Жарық пен көлеңке»

Мақсаты: кез-келген зат бейнесін жарық сәулесімен түсіріп, көру бейнесін салу.
Ойын: «Сулы бояу»- сулы қылқаламмен арқылы аңдардың бейнесін бояу. Шығармашылық дамуға арналған ойын арқылы оқыту балаларға оқу бағдарламасын жеңілдетуге ғана емес, сонымен қатар болашақ жетістіктерінің негіздерін қалауға көмектеседі деп аяқталды баяндамасын.

№ 4 Педагогикалық кеңесінің шешімі

1. Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін қолайлы орта жасақтау бағыты «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мерзімі - үнемі
Жауапты – педагогтар
Бақылаушы – әдіскер

2. «Дидактикалық ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық бастамасын дамыту бойынша дидактикалық ойындардың көрмесі және көрсетілімі» тақырыбында тәрбиеші. А.Т.Аябергенованың дидактикалық ойын жинағының балалардың дамуына ықпал ететін ойындарды қолдану барысы бойынша «қанағаттанарлық» деп танылып және барлық топта ойын әрекетінде кеңінен қолданылсын.

Мерзімі - үнемі
Жауапты – тәрбиешілер
Бақылаушы – әдіскер

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетінде шығармашылық бастаманы дамыту» бойынша тәрбиеші: З.Ж.Сүлейменованың ойын әрекетінде балалардың бастамашылдық таныта отырып, ойын барысында баланың толыққанды дамуының шығармашылық дағдыларының қалыптасуы бойынша ұсынылған баяндамасы «қанағаттанарлық» деп танылып, барлық топ тәрбиеленушілерінің ұйымдастырылған ойын іс-әрекетінде қолданылсын.

Мерзімі - үнемі
Жауапты – тәрбиешілер
Бақылаушы – әдіскер

«Күншуақ» бөбекжай –бақпасы
МКҚК меңгерушісі:

Хатшы:



Ж.А.Курманова

А.Т. Абдыкова